




# АТЫРАУ

Облыстық қоғамдық-саяси газет



www.atr.kz

Атырау газеті

// №22 (20 835) 30 МАМЫР, 2024 ЖЫЛ, БЕЙСЕНБІ //

Atyrau.gazeti

atyrau\_gazeti@mail.ru

\*1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні

## Көз жуанышым, өмірімнің жалғасы!

### Ардақты жас достар, құрметті ата-аналар!

Баршаңызды Халықаралық балаларды қорғау күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев атап өткендей, өскелең ұрпақтың жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау – әрқашан біздің мемлекетіміздің басты міндеттерінің бірі.

Атыраулық жас өркен, Сіздер үшін көптен күткен алаңсыз демалыс және білімнің жаңа шыңдарын бағындыруға дайындық кезеңі – жазғы каникул басталды.

Тың күш-қуат жинап, алтын ұя – мектебіңізге естен кетпес әдемі әсермен оралуыңызға тілектеспін.

Бала – көңіліміздің гүлі, көзіміздің нұры. Бақытты балалық шағы үшін қолдан келгеніңіз бәрін жасаймыз. Жылдан жылға отбасылық құндылықтарды нығайту үшін көптеген игі істер атқарылууда.

Қадірлі ата-аналар қауымы, осы міндеттердің барлығын Сіздермен бірлесіп, жан-жақты шешудеміз. Балауса өскіндер үшін оқу мен шығармашылыққа, рухани және тұлғалық дамуға қажет жағдайлар жасауға асырылады.

Жас ұрпаққа деген бүгінгі шынайы қамқорлық пен шексіз қолдауымыз тәуелсіз Қазақстанның жарқын өмірлік жетістіктері мен аға буын арқасүйер сабақтастықта заңды жалғасын таба берсін!

Шынайы тілектестікпен,  
Серік ШӘПКЕНОВ,  
Атырау облысының әкімі



Сурет редакция мұрағатынан алынды

Қазақ халқы ұлт болып қалыптасу жолында талай тар жол, тайғақ кешулер мен тарихи кезеңдерді бастан өткерді. Мұхиттың бастауы – бұлақтан, ал ағаштың негізі тамырдан басталатыны секілді, ұлттың тарихы да тереңде. Болашақты бағдарлап, алға құлаш ұрумен қатар, өткенді өлшеп, таразылаған да дұрыс болар. Ал, оны зерттеп, зерделеу, тарихты тану – кейінгі ұрпақтың болашақтың еншісінде.

Расында, еліміздің ежелден аңсаған Тәуелсіздігіне қол жеткізіп, қазақ ұлтының салт-дәстүрі мен едет-ғұрпының қайта жаңғыруы, мемлекеттік рәміздердің бекітілуі егемен еліміз үшін ерекше құбылыс. Өзге мемлекетте оқитын студенттер Қазақстанның туын алып жүріп, шетелдіктермен фотоға түсіп, әлеуметтік желілерде жариялап жүргенін көргеніңіз ішің жылиды. Біздің көк туымызды өлемге таныту осыдан басталады. Бұл да Отанын өзінше сүю. Тәуелсіз елдің негізгі нышаны – мемлекеттік рәміздер. Сондықтан да еліміздің әрбір азаматына бала кезден рәміздерді құрметтеу арқылы отансүйгіштік сезімін қалыптастыру маңызды роль атқарады. Ұлттық құндылықтарды қастерлеу келер ұрпақ үшін басты міндет болып табылуы тиіс.

Ұрпақ дегеннен шығады, ұлттың бүгінгі де, болашағы да тәрбиелі ұрпаққа тікелей байланысты. Өйткені, ұрпақ тәрбиесі – ұлттың болашағы. «Ұлтыңды сақтаймын десең – қызыңды тәрбиеле, рухыңды сақтаймын десең – ұлыңды тәрбиеле» демеі ме Платон, ендеше, біздің басты ұстаным – балалардың өз елін, жерін, халқы мен туған Отанын сүйуден басталуын бойларына сіңіру.

(Толығырақ 5, 12-беттерде)

\*4 маусым – Мемлекеттік рәміздер күні

## Елмен елдің ең басты нышандары



Көпшілігі жасалған Дархан ҚУАНЫШ

### Ардақты жерлестер!

Сіздерді Мемлекеттік рәміздер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Мемлекеттік нышандар біздің баршамыз үшін, өскелең ұрпақ үшін зор адамгершілік мәнге ие, ұлттық бітім-болмысымыз бен халықтың өр рухының символы іспетті.

Бұл қасиетті құндылықтар Тәуелсіздігімізді әлемге паш ете отырып, Ұлы даланы мекендеген халқымыздың сан ғасырлық тарихы мен мәдениетін бейнелейді. Тәуелсіздігіміздің тұғырлы, егемендігіміздің еңселі болуы үшін бұл мерекенің маңызы ерекше және қазақстандықтардың жүрек түкпірінен ерекше орын алған даңқты датаға айналды.

Сүйікті Отанымыздың символикасы дүниенің төрт бұрышына түгел танымал, әркез кеудемізде мақтаныш сезімін ұялатып, патриотизмге тәрбиелейді.

Ел азаматтары еңбек, ғылыми және мәдени-спорттық жоғары нәтижелерге қол жеткізген кезде Көк байрағымыз биікте желбіреп, еліміздің Әнұраны асқақ қалықпайды.

Бүгінгі таңда атыраулықтар мемлекеттік рәміздерді лайықты құрметтеп, ұлы елдің тарихы мен жетістіктеріне қатысы бар екендіктерін мақтан тұтады.

Еліміз өркендеп, мемлекетіміздің мызғымас белгілерінің мәртебесі арта берсін!

Ігі тілекпен,  
Серік ШӘПКЕНОВ,  
Атырау облысының әкімі

\*31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні

## Зұлмат жылдар жаңғырығы

СТАЛИНДІК РЕПРЕССИЯ, АШТЫҚ ПЕН ҚУҒЫН-СҮРГІН ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ТАМЫРЫНА БАЛТА ШАПТЫ. АДАМ ҚҰҚЫҒЫ ТАПТАЛЫП, ӨЗІНІҢ ПІКІРІН АЙТҚАН, ОЙЫН БІЛДІРГЕН АДАМДАР «ХАЛЫҚ ЖАУЫ» АТАНДЫ.

ЗЕРТТЕУЛЕРГЕ СҮЙЕНСЕК, ОСЫ КЕЗЕҢ АРАЛЫҒЫНДА КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДА БОЛҒАН ҚАЗАҚСТАНДА 103 МЫҢ АДАМ ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРАҒАН ЖӘНЕ 25 МЫҢ АДАМ АТУ ЖАЗАСЫНА КЕСІЛГЕН ЕКЕН. ОЛАРДЫҢ АРАСЫНДА ӘДЕБИЕТ,

МӘДЕНИЕТ ПЕН САЯСАТ, ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҒЫЛЫМНЫҢ ЗИЯЛЫ ҚАУЫМ ӨКІЛДЕРІ БОЛҒАНЫ ӨКІНІШТІ.

САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН МЫҢДАҒАН ЖАЗЫҚСЫЗ ЖАННЫҢ ҚАНЫ МЕН КӨЗ ЖАСЫНА СУАРЫЛҒАН ТАРИХ ҚАТПАРЫНЫҢ ШЕРЛІ БЕТТЕРІНІҢ БІРІ БОЛЫП ҚАЛА БЕРМЕК.

ҰРПАҚТЫҢ ЕНДІГІ ПАРЫЗЫ – ОСЫ ЖЫЛДАРДЫҢ ОҚИҒАСЫ, ОНЫҢ ЖАЗЫҚСЫЗ ҚҰРБАНЫ БОЛҒАН АДАМДАРДЫҢ ЕСІМДЕРІН ҰМЫПТАУ, ОЛАРДЫ МӘҢГІ ЕСКЕ САҚТАУ.



(Толығырақ 8-9-беттерде)